

Ғылыми білімнің әр түрлі салаларындағы жыныстың мәселелері (ми жарты шарының асимметрия концепциясы және эволюциялық биологиядағы жынысты саралау, психологиядағы жыныстың сипаттамасы және т. б.) педагогикалық интерпретацияны, педагогикадағы гендер (жынысты емес) үйлесімді және тұтас концепциясын әзірлеуді қажет етеді. Осы тұрғыда психология, педагогика, әлеуметтану және т.б ғылымдардың гендерлік саладағы жетістіктерін кең қолданып, гендерлік педагогиканы жеке педагогика саласы ретінде қарастырып, жаңа зерттеулер жүргізуөте қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Четвертая Всемирная Конференция по положению женщин. Пекин 4-15 сентября 1995 г. (извлечения) // *Международные конвенции и декларации о правах женщин и детей. Сборник универсальных и региональных международных документов.* М., ИЦ-Гарант, 1997. С. 78-107.
2. Дж. Скотт. Гендер: полезная категория исторического анализа // *Гендерные исследования*, 2000. - № 5. - С.142-171.
3. M.John. (1995). *Gendermaps: Social Constructionism, Feminism, and Sexosophical History.* New York: *Continuum International Publishing Group.*
- 3 Л.В.Штылева Педагогика и гендер: развитие гендерного подхода в образовании. [Текст] / Л.В. Штылева // *Женщина в российском обществе.* - 2000. - №3 - С.61 –66.
4. Г.Г Соловьева З.А. Закаева З.А., З.Н. Сарсенбаева Учебная программа спецкурса "Феминизм и гендер: изменение социальной перспективы". - Сборник экспериментальных учебных программ и спецкурсов для вузов. Социология. Алматы: "Фонд Сорос-Казахстан". 1999.
5. Б.Х.Жубанова Гендерные идеи в истории педагогической мысли Казахстана. Автореферат канд.дисс. КарГУ им. Букетова, 2008г.-18 с.
6. Ш.К.Беркимбаева, К.Ж.Кожаметова және т.б. «Гендерный подход в системе образования Республики Казахстан».-Алматы,2011-302с.
- 7.. Ш.К.Беркимбаева, К.Ж.Кожаметова және т.б «Гендерный подход в системе образования Республики Казахстан»-Алматы,2011 .,бб 164-165
8. И.А.Лыкова *Играют мальчики:гендерные проблемы в образовании:Учебно-методическое пособие/И.А.Лыкова.Е.И.Касаткина,С.П.Пеганова.М.:Изд.дом «Цветочный мир»,2014.-96с.*

МРНТИ 14.01.07

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.03>

Бишова Г.И.¹, Мадалиева Ж.Қ.²

¹М.Ақмулла атындағы Баиқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті
Уфа қ., Ресей Федерациясы

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ПЕДАГОГИКАДАҒЫ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Аңдатпа

Мақалада заманауи педагогиканың синергетика тәсілін пайдалану мүмкіндіктері талданады. Педагогика теориясы мен практикасындағы синергетикалық тәсілдің даму болашағына студенттердің өзіндігінен білім алу мен шығармашылығының кеңейуін, пәнаралық, сыни ойлау, шығармашылық ойлау және т.б. жатқызуға болады.

Педагогикалық үдеріссинергетикалық парадигма тұрғысынан оқушының өздігінен білім алуына, дәстүрлі білім беру тәжірибесінеқарағанда мол мүмкіндік береді, ғұрыптық тәжірибеде мұғаліммен оқушы арасындағы қатынаста, ұстаз доминантты рөлге ие болып, білім беру жүйесінде оқушыға шығармашылық ой еркіндігін бермейді.

Ғылыми қоғамдастықта педагогикалық үдерісте синергетика қағидалары мен тұжырымдамаларын, түсініктерін қолдануға тек оң ғана емес, сонымен қатар теріс көзқарастар бар. Адамның әмбебаптығы, біріншіден, оның еркіндігінің кеңдігін, екіншіден, нақты белгіленген заңдарға, атап айтқанда, өмірдің алуан түрлі жағдайларында басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас

мәнмәтiнiндегi адамжанының рухани құрылымын бiлдiредi. Сондықтан педагогикалық практикадағы синергетикада адамның жан-жақты даму талаптарының мүмкiндiктерi сарқылмайды. Синергетика қағидалары гуманизм мен дамушы педагогиканың қағидаларына қайшы келмеуi, керiсiнше, олар өз кезегiнде оқыту мен тәрбиелеудiң инновациялық әдiстерiне кедергi жасамауы үшiн бiлiм мен тәрбие беруде әртүрлi тәсiлдердi үйлесiмдi бiрiктiрудегi қолданыс мәселесi қозғалады.

Түйiн сөздер: синергетика, бiлiм беру, тәрбие беру, әдiстеме, жүйе, адам, гуманизм, руханилық.

Biisova G.I.¹, Madaliev Zh.K.²

*¹M.Akmullah Bashkir State Pedagogical University,
Ufa, Russian Federation*

*²Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

SYNERGETIC APPROACH IN PEDAGOGY: PROBLEMS AND OPPORTUNITIES

Abstract

The article analyzes the possibilities that modern pedagogy provides for the achievement of synergetics. The prospects for a synergistic approach in the theory and practice of pedagogy include the expansion of self-education and creativity of students, interdisciplinarity, critical thinking and creative thinking, etc.

The pedagogical process from the point of view of the synergetic paradigm provides the student with the opportunity of self-education to a much greater extent than the usual practice of education, where the teacher often dominates the student, and the entire educational system does not give the student the freedom of creative expression.

In the scientific community, there is not only a positive, but also quite cautious attitude to the application of the principles and concepts of synergetics in the pedagogical process. Man's universality implies, firstly, the widest range of his freedom, and secondly, the spiritual (spiritual) structure of man, which obeys quite certain laws, namely, development in the context of proper relationships with other people in a wide variety of life circumstances. Synergetics in pedagogical practice does not exhaust the possibilities and requirements for the full development of man. Therefore, the problem consists in harmoniously combining different approaches to education and upbringing so that the principles of synergetics do not contradict the principles of humanism and developing pedagogy, and they, in turn, would not interfere with innovative teaching and upbringing methods.

Keywords: synergetics, education, methodology, system, human, humanism, spirituality.

Биисова Г.И.¹, Мадалиева Ж.К.²

*¹Башкирский государственный педагогический университет им.М.Акмиллы
г.Уфа, Российская Федерация*

*²Казахский национальный педагогический университет им. Абая
г.Алматы, Казахстан*

СИНЕРГЕТИЧЕСКИЙ ПОДХОД В ПЕДАГОГИКЕ: ПРОБЛЕМЫ И ВОЗМОЖНОСТИ

Аннотация

В статье предпринимается анализ возможностей, которые предоставляют современной педагогике достижения синергетики. К перспективам синергетического подхода в теории и практике педагогики можно отнести расширение самообразования и творчества учащихся, междисциплинарность, критическое мышление и творческое мышление и т.д.

Педагогический процесс с точки зрения синергетической парадигмы предоставляет учащемуся возможность самообразования в значительно большей степени, чем обычная практика образования, где над учеником часто доминирует учитель, и вся система образования не дает ученику свободы творческого самовыражения.

В научной среде существует не только позитивное, но и достаточно осторожное отношение к применению принципов и понятий синергетики в педагогическом процессе. Универсальность

человека подразумевает, во-первых, широчайший диапазон его свободы, а во-вторых, душевную (духовную) структуру человека, которая подчиняется вполне определенным законам, а именно – развития в контексте правильных взаимоотношений с другими людьми в самых разнообразных жизненных обстоятельствах. Синергетика в педагогической практике не исчерпывает собою возможности и требования к полноценному развитию человека. Поэтому проблема состоит в гармоничном совмещении различных подходов к образованию и воспитанию так, чтобы принципы синергетики не противоречили принципам гуманизма и развивающей педагогики, а они, в свою очередь, не служили бы помехой инновационным методам обучения и воспитания.

Ключевые слова: синергетика, образование, воспитание, методология, система, человек, гуманизм, духовность.

Кіріспе. Қазіргі заман барлық елдер, халықтар, индивидтер мен адам өмірінің барлық салаларымен тікелей байланысты ғаламдық сипаттағы көптеген мәселелермен ерекшеленеді. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде «антропологиялық қайшылар» деп аталатын қатерлі феномен айқын көрінеді. Бір жағынан ғылыми, техникалық және технологиялық прогресс пен екінші жағынан адамның дамуы арасында үлкен алшақтық пайда болды. Ғылым, техника, технология ілгерілеушілікпен алға жылжуда, ал адамның дамуы бұл процесстен айтарлықтай артта қалып отыр.

Жоғырадағы пайымдаудан, дұрыс білім беру, білім беру жүйесіне және білім беру процедураларына қатысты барлық шаралар мен элементтердің болашақта адамзаттың алға жылжуында маңызды рөл атқаратындығы айқын. Бұл мәнмәтінде теориялық тұрғыдан мағыналы және басқа ғылымдар практикасында сынақтан өткен, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, педагогикадағы жаңа тәсілдерді қолдану әдістемесі өте маңызды болып табылады.

Зерттеу әдістемесі. Бұл мақала педагогикалық жүйеде синергетикалық әдістерді қалай қолдануға болатындығын түсінуге бағытталған. Демек, бұл жағдайда зерттеу әдістемесі ретінде синергетиканың өзі және оның негіздемеі мен қағидалары нақты қызмет етуі керек.

Синергетика дегеніміз не? «Синергетика» терминінің өзі гректің «достастық», «ынтымақтастық» деген сөзінен шыққан және бірегей құрылымды қалыптастыруда бөліктердің өзара әрекеттесуінің үйлестірілуіне назар аударады.

Синергетика терминіне толығырақ анықтама беруге болады. Синергетика өзін-өзі ұйымдастырудың заманауи теориясын, жаңа дүниетанымын, өзін-өзі ұйымдастырудың феномендерді зерттеулерімен байланысты, сызықтық емес, тепе-теңсіздік, ғаламдық эволюцияны, «хаос арқылы тәртіптің» орнауын білдіреді [1, б. 432], сонымен қатар бифуркациялық өзгерістерді, уақыттың қайтарымсыздығын, эволюциялық үдерістердің сипаттамасы ретінде тұрақсыздықты білдіреді.

Біздің ойымызша, синергетика күрделі жүйелер мен өзін-өзі ұйымдастыру құбылыстары зерттелетін білім салаларына қатысты әмбебап әдістемелік парадигманың құрамына енеді; ол зерттелетін пәндер мен объектілерге біртұтас пәнаралық көзқарасты білдіреді. Басқаша айтқанда, синергетика, әмбебап білім жүйесі бола отырып, қазіргі ғылымның әртүрлі салаларында қолдануға мүмкіндік береді.

Синергетиканың пәні, өзін - өзі ұйымдастыру механизмдері болып табылады. Біз белгілі бір сыни нүктелерге жақын орналасқан тепе-теңсіздік күйлерде орналасқан күрделі сызықтық емес жүйелерде реттелген уақыт кеңістігіндегі құрылымдардың пайда болу үдерістері туралы айтып отырмыз. Өзін-өзі ұйымдастыру сыртқы әсердің қатысуынсыз, ішкі себептерге байланысты элементтердің ретке келуімен анықталады.

Синергетика классиктерінің бірі Хакен [2, б. 406] ойынша, өзін-өзі ұйымдастырудың қасиеттерін табиғаттың әртүрлі нысандарын ашады. Өзін-өзі ұйымдастыру үдерістері бар құрылымды қайта құруға және жүйенің элементтері арасында жаңа қатынастардың қалыптасуына байланысты жүреді. Өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерінің өзіндік ерекшелігі олардың мақсаттылығы, бірақ сонымен бірге табиғи, стихиялық сипаты: жүйенің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі кезінде пайда болатын бұл үдерістер белгілі бір дәрежеде автономды, қоршаған ортаға қатысты тәуелсіз. Өзін-өзі ұйымдастыру процесі кездейсоқтық пен қажеттіліктің өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады және әрдайым тұрақсыздықтан тұрақтылыққа ауысуымен байланысты.

Өзін-өзі ұйымдастыру идеяларының тұжырымдамалық әдіснамалық жаңалығы энергияның, ақпараттың, сырттағы заттардың ғана емес, жүйенің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану арқылы әртүрлі жүйелердің өзін-өзі дамыту қабілетін танумен байланысты екенін атап өткен жөн.

Педагогикалық синергетика: оң және теріс жақтары. Зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, синергетикалық тұжырымдама қоғам сияқты күрделі, сызықты емес, ашық жүйелерді, оның әртүрлі ішкі жүйелерін, оның ішінде білім беруді терең түсінуге ықпал етеді.

Бірден атап өтейік: практикалық педагогикадағы, бағдарламалардағы және білім беру жүйесіндегі жағымды мүмкіндіктер - бұл өзін-өзі оқыту мен тәрбиелеудегі студенттің шығармашылығында, оқытудың пәнаралық табиғаты мен сыни ойлауды дамытуында жатыр (бифуркация нүктелерінде серпіліс жасау мүмкіндігі).

Педагогикалық тұрғыдан өзін-өзі ұйымдастыру теориясының кейбір аспектілері көптеген авторлардың еңбектерінде кездеседі. Алайда, синергетика мәселелеріне арналған ғылыми жұмыстардың көп бөлігіне қарамастан, «педагогикалық синергетика», «синергетикалық тәсіл» сияқты ұғымдар педагогика саласында осы күнге дейін біртұтас түсіндірме алған жоқ және зерттелу кезеңінде.

Синергетика түсінігінің тұрақтанғанына қарамастан, оның қағидалары мен шарттары педагогикалық теория мен практикаға енгізілу мәселесі қазіргі заманда өзекті болып келе жатыр және осы теорияның жекелеген мәселелерін зерттейтін көптеген зерттеушілер осы тұжырымды мойындайды. Сонымен, А.А. Ворожбитова [3, б. 22-26] педагогикалық синергетиканы тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің, білім беру мен өзін-өзі тәрбиелеудің, оқыту мен өзін-өзі оқытудағы қарама-қарсы үдерістеріндегі студенттердің тұлғалық қалыптасуына бағытталған көп факторлы өзара әрекеттесудің синтезі ретінде қарастырады. В.И. Андреев [4, б. 568] педагогикалық синергетиканы синергетиканың заңдары мен заңдылықтарына, яғни өзін-өзі ұйымдастырудың заңдары мен заңдылықтарына және педагогикалық, білім және тәрбие беру жүйелерінің өзіндік дамуынан егізделген педагогикалық білім саласы деп атауға ұсыныс тастады. Педагогикалық синергетика, Андреевтің пайымдауынша, педагогикалық жүйелерді дамыту мәселелерін шешуде жаңа көзқарасты, оларды ашықтық, бірлесіп құру және өзін-өзі дамытуға бағдарлау тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, педагогика үшін синергетика әдіснамалық ұстанымдардың бірі ретінде қолданыла бастайды, өйткені педагогикалық процесстегі мақсатты өзара іс-қимыл аясында жаңа білім саласымен зерттелген әсерлер байқалады.

В.Д. Грачев [5, б. 108] атап өткендей, қазіргі жағдайда синергетикалық идеялардың таралуы жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар арасындағы шекаралардың жойылуына және әлемнің жалпыға ортақ эволюциялық бейнесін құруды қамтамасыз ететін қуатты ықпалға айналды; білім беру жүйесін гуманитарландыру құралы; бұқаралық психологияны, шығармашылық механизмдері зерттеудегі өзіндік «әдіснамалық құрал» болып табылады.

Синергетиканың негізгі түсініктері бір мезгілде аппараттық жүйеге қызмет ете отырып, оның ең маңызды принциптеріне айналуында қандай ұғымдар жатыр?

Бұл әрине, ашықтық, сызықтық емес, тепе-теңсіздік, айнымалы. Сонымен қатар, өзін-өзі ұйымдастыру теориясы ретінде синергетика бифуркация нүктелері, тербелістер, диссипативті құрылымдар, аттрактор, фракталдық және тағы басқа ұғымдармен жұмыс істейді.

Білім беру жүйесін ашық деп санауға болады, өйткені біріншіден, ол мұғалім мен студент (кері байланыс) арасындағы ақпарат (білім) алмасу үдерісінде, мақсатты ақпарат алмасу үнемі жүреді. Бұл үдеріс барысында жаңа мақсаттар, оқыту құралдары мен әдістер пайда болады. Екіншіден, білім мазмұны қазіргі кездегі студенттердің біліктілігі мен дағдыларына сәйкес келмеген жағдайда өзгереді. Үдерістің сызықтық емес және оның нәтижесі пайда болады. Оқу процесінің нәтижесі әрқашан оның қатысушыларының ойларынан ерекшеленеді. Үшіншіден, білім берудегі ақпараттық кеңістік жүйені тұрақты тепе-теңдіктен шығарады.

Синергетика сызықтық емес заңдарға сәйкес қоршаған әлемнің эволюциясы принципінен туындайды, және бұл идея көптүрлілігінде немесе баламалы таңдау арқылы көрініс табады. Білім беру жүйесіндегі көпнұсқалық дегеніміз білім беру ортасында таңдау еркіндігі мен әрбір субъектіге жетістікке жетудің индивидуалды қозғалыс жолымен жүруге мүмкіндік беру, өзіндік таңдауымен жауапкершілікті шешім қабылдауды ынталандыру, балама және тәуелсіз жолдың дамуын қамтамасыз ету. Нақтырақ айтсақ, мұндай таңдау жеке білім беру траекториясын, оқу қарқынын анықтауға, білімділіктің әр түрлі деңгейіне жетуге, оқу орындарының типін, оқу пәндері мен мұғалімдерді, оқытудың формалары мен әдістерін, индивидуалды құралдар мен әдістерді, шығармашылық тапсырмаларды анықтаудан тұрады.

Өзін-өзі ұйымдастыру қағидасына келер болсақ, педагогикалық жүйеде оқытушы мен оқушы арасындағы белгілі бір өзара әрекеттестіктің болуын болжайды, бұл болжам педагогикалық жүйенің даму талаптарына сәйкес, және оның өзіндік қозғалысының объективті алғышарттарынан шығады. Бұл бізге педагогикалық үдерістің даму механизмін түсінуге мүмкіндік береді.

Шындығында, педагогикалық үдеріс синергетикалық парадигма тұрғысынан студенттерге үйренудің дәстүрлі тәжірибесіне қарағанда өзіндік білім алу мүмкіндігін береді. Екінші жағдайда, мұғалім студентке толығымен үстемдік ететіні және ғұрыптық білім беру жүйесі студентке шығармашылық ой еркіндігін бермейді деген тұжырымдама жасалған. Бұл ұстаным, мысалы, Кеңес дәуірінде «Қазақфильмде» түсірілген «Менің атым - Қожа» атты культ фильмімен өте жақсы көрінеді. Онда ауыл баласы Қожа бір кездері мектепте оқып жүргенде, шамадан тыс ресми, формалды, жабықтығына және догматизміне ауырып, барынша еркіндікке, жазық дала кеңістігіне, тіршілікке шығуға тырысады.

Дәстүрлі білім беру жүйесінен синергетикалық тәсілдің басты айырмашылығы оқушының тұлғалық өсуінің салыстырмалы түрде кең ауқымын және материалды салыстырмалы түрде еркін игеруді қамтамасыз етеді. Қазіргі заманда сыни ойлау мен шығармашылықты маңызды орынға шығара отырып, оны қажет ететін педагогикалық үдерістегі белгілі таңдау еркіндігін (либералдылықты) білдіреді.

Сонымен қатар, ғылыми қоғамдастықта синергетика ұстанымдары мен тұжырымдамаларын педагогикалық үдерісте қолдануға айтарлықтай теріс немесе сақтықпен қарайтын көзқарастар жүйесі бар.

Мақалада М.Г. Гапонцева, В.Л. Гапонцева және В.А. Федоров педагогика саласында синергетиканы қолдану мүмкіндіктерін сыни тұрғыдан талдады. Авторлардың ойынша, синергетиканың әмбебаптылық сипаты асырылған, сондықтанбасқа ғылымдардың әдіс-тәсілдерін педагогика саласында қолдану конструктивті болатыннақты шарттар қажет [6, б. 100].

Педагогикада синергетиканы қолданудың толығымен сәтсіз нұсқаларының мысалы ретінде педагогика ғылымы айналысатын жүйелер сызықтық емес, ашық және айнымалыекендігіне жүгінеді. Алайда, салыстырмалы түрде синергетикалық тәсіл, біздің ойымызша, кез-келген күрделі жүйенің эволюциясын сипаттауға жарамды деген дұрыс емес пікірді қалыптастырды. Сонымен бірге, адам соншалықты «кең» (Ф.М. Достоевскийдің сөзімен), ол сызықтық емес, ашықтық және тепе-теңдік сияқты әмбебап және икемді анықтамалардың шеңберіне сәйкес келмейді. Адамның әмбебаптығы, біріншіден, оның еркіндігінің кең ауқымын білдіреді, екіншіден, адам жаныныңрухани құрылымы, ол «тепе-теңсіз және сызықтық емес» болса да, белгілі бір заңдарға бағынады. Нақтырақ айтсақ, өмірдің алуан түрлі жағдайларында адамның басқа адамдармен дұрыс, үйлесімді, адами қарым-қатынас жағдайындағы даму заңдылықтарына бағынады. Сондықтан педагогикалық практикадағы синергетика адамның жан-жақты даму талаптары мен мүмкіндіктерінеқамтамасыз ете алмайды.

Сыни пікірден кейін орынды сұрақ туындайды. Нақты ғылымдардың әдістерін, оның ішінде синергетика әдістерін педагогикаға қалай тасымалдаған жөн? Егер мұндай тасымал педагогика ғылымы мен практикасындағы кейбір нақты мәселелерін шешуде оң нәтиже бере алса - эмпирикалық материалдарды талдаумен расталған және педагогиканың шеңберінде пайда болған әдістермен шешілсе, мұндай ауысудың бар болуға құқығы бар сияқты. Уақыт өте келе педагогикаға синергетика қағидаларының енгізілуімен байланысты мұғалімнің оқу-тәрбие үдерісіндегі рөлінің төмендеуі, ағалық ретіндегі рөлі, тәжірибелі тәлімгер ретіндегі мәртебесінің өзгеру оқытудың қосымша факторлы мәселесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Студент заманауи байланыс құралдарының қатысуымен Википедиядан, әлеуметтік желілерден және басқа виртуалды ақпарат көздерінен қажетті материалды өз бетінше таңдай алады. Қаншалықты, бұл болжас дұрыс, ақпаратты талдау мен синтездеу дағдысы білім беру үдерісінде біліктілік болып қалыптасады. Мысалы, қазіргі жоғарғы оқу орындарының білім берудегі мақсаты ақпараттадыру емес, студенттің бойындағы дағды мен біліктілікті қалыптастыру. Егер, болашақта осындай тенденция бой алып жатса, мұғалім қызметтінің формасы өзгергенімен, мағынасы өзгермейді, ізденуші ретінде тіркеліп, студенттердің өзіндік оқуын ақпаратпен қамтамасыз ететін жүйелердің бөлігіне айналады.

Білім беруді технологияландырудағы ең қауіпті нәрсе - бұл оқушының өз құрдастарымен байланысының элиминациясы және біртіндеп жойылуы. Әлеуметтену үдерісінің негізгі объектілері болып табылатын құрамдас бөліктің жойылуы қоғамдық келісім қағидаларын бұзуы мүмкін.

Қорытынды. Кез-келген күрделі процесс сияқты синергетика принциптерін педагогикаға енгізу оңай емес екені анық. Педагогика саласына синергетиканы әдіс ретінде енгізудің жағымды,

жағымсыз жақтары бар (кез-келген жағдайда, болашақты қоса алып қарастырғанда). Біздің ойымызша, мәселе синергетика қағидалары мен шарттары гуманизм мен әрқашан даму кезеңінде болатын педагогиканың қағидаларына қайшы келмеуі, керісінше оның жас буынды тәрбиелеу мен білім берудегі инновациялық әдістеріне кедергі келтірмейтіндей етіп, білім мен тәрбиенің әртүрлі тәсілдерін үйлесімді түрде біріктірудегі қолданысұсынамыз.

Бұл мәселедегі шаралардың қажеттілігі, басқалармен қатар, «хаос тәртібі» белгілі реттеуші ұстанымның болған жағдайында ғана мүмкін болатындығымен байланысты [7, б.28]. Әрине, синергетика идеяларын қолдана отырып, күрделі жүйелерді олардың өзіндік даму жолдарына салуға болмайтындығы және хаос құрылымдарының өзін-өзі ұйымдастыру және өздігінен құрылу механизмі тек жойқын ғана емес, сонымен қатар креативті, сындарлы бастаушы ретінде әрекет ете алатындығын айқындауға болады. Алайда, егер хаос, ол кездейсоқтық, терең тәртіптілік, қалыптастырушы қағидадан терең туындайтын онтологиялық заңдардан пайда болатынын түсінсек қана мүмкін болады.

Келесі көзқарас тұрғысынан алғанда, синергетикалық тәсілді, қаншалықты әмбебап болғанына қарамастан, неғұрлым кеңірек және нақтырақ, интегралды және біртұтасқа аудару қажет. Бұл адамның дамып келе жатқан, эволюцияланушы, және әлеуметтік тұрғыдан анықталған жүйе ретінде оны жетілдіруді талап етеді, біріншіден, білім беру үдерісінде гуманистік, рухани-адамгершілік қағидалары, екіншіден (және тек екіншіден) білім берудің жан-жақты, әмбебап тәсілдері түсіндіріледі. Адамның шынайы дамуы өзгелермен қарым-қатынаста, адамдармен тұрақты өзара әрекеттестігінде, оның белгілі бір бағыттаушы және гуманизациялау векторымен жүзеге асырылады. Бұл үдерісте адамның терең, мәндік қасиеттері пайда болады, және түзетіледі, жаңа өлшемдерге ие болады.

Осылайша, синергетикалық тәсілді келешегі бар, білім берудің жаңа көкжиектерін белгілейтін, бірақ нақты білім беру жағдайларында анықтаулар мен толықтыруларды талап ететін біліктілікке ретінде ұсынуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Пригожин И., Стенгерс И. *Порядок из хаоса: Новый диалог человека с природой.* – М.: Прогресс, 1986. – 432 с.- книга

2 Хакен Г. *Синергетика.* – М.: Мир, 1980. – 406 с.- книга

3 Ворожбитова А.А. *Синергетический аспект вузовского образования в свете лингвориторического подхода // Вестник высшей школы.* – 1999. – № 2. – С. 22–26.- статья из журнала

4 Андреев В.И. *Педагогика творческого саморазвития.* – Казань: изд-во Казанского ун-та, 1996. – 568 с.- книга

5 Грачев В.Д. *Философия ума.* – Ставрополь: изд-во СГУ, 1999. – 108 с.- книга

6 Гапонцева М.Г., Гапонцев В.Л., Федоров В.А. *Синергетика в педагогике: целесообразность переноса // Образование и наука.* – 2008. – № 9 (57). – С. 100–109.- статья из журнала

7.Капышев А., Колчигин С. *Онтология Духа.* – Алматы.:СаГа, 2005. – 204 с.- книга